

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті  
ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ  
КАФЕДРАСЫ**

**2023-2024 оқу жылына арналған**

**ТАНДАУ ПӘНДЕРІНІҢ МОДУЛІ**

6B01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бойынша ББ

**Ақтөбе, 2023**

**Мамандық атауы және шифры: 6В01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу**  
**Оқу мерзімі: 4 жыл**  
**Қабылдау жылы: 2020**

<b>Компонент (ЖК/ТК)</b>	<b>Пән коды</b>	<b>Пән атауы</b>	<b>Семестр</b>	<b>Кредит саны</b>
<b>Модуль 10.1 Мектепке дейінгі білім берудің инновациялық бағыттары, 13 кредит (тәрбиеші-психолог)</b>				
БП ТК	21GMKD 4219	21-ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы	7	3
КП ТК	MDUTZhT A 4307	Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (орыс тілінде)	7	5
КП ТК	MDUT 4308	Мектепке дейінгі ұйымдардағы тьютор (ағылшын тілінде)	7	5
<b>Модуль 10.2 Арнайы мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік жұмыстар, 13 кредит (тәрбиеші-логопед)</b>				
БП ТК	TBBULZU F 4219	МДҰ логопедиялық жұмыстарды ұйымдастыру формалары	7	3
КП ТК	AMDTZTA 4307	Арнайы мектепке дейінгі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі(орыс тілінде)	7	5
КП ТК	ABUT 4308	Арнайы білім ұйымдарындағы тьютор (ағылшын тілінде)	7	5
<b>Модуль 11.1 Мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұны, 35 кредит (тәрбиеші-психолог)</b>				
КП ТК	SAAZM 4309	Сауат ашу әдістемесінің жаңартылған мазмұны(орыс тілінде)	7	5
КП ТК	LN 4310	Логопедия негіздері (ағылшын тілінде)	7	5
КП ТК	MDMFN 4311	Мектепалды даярлық және майнд-фитнес негіздері (орыс тілінде)	7	5
КП ТК	MZDBDA U 4312	Мектеп жасына дейінгі балалардың драмалық әрекетін ұйымдастыру ағылшын тілінде	7	5
БП		Өндірістік педагогикалық практика	8	15
<b>Модуль 11.2 Мектепке дейінгі білім ұйымдарындағы арнайы жұмыстар мазмұны, 35 кредит (тәрбиеші-логопед)</b>				
КП ТК	EKSMAFP 4309	Есту, көру, сөйлеу мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы және патологиясы (орыс тілінде)	7	5
КП ТК	ZCTZKTZ A 4310	ЖСТЖ кезіндегі түзету жұмысының әдістемесі (ағылшын тілінде)	7	5
КП ТК	MZDBMO DPD 4311	Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке оқуға дайындаудың психологиялық диагностикасы (орыс тілінде)	7	5
КП ТК	SYRBKA 4312	Сөйлеудің ырғақтық-ритмдік бұзылуын коррекциялау әдістемесі(ағылшын тілінде)	7	5
БП		Өндірістік педагогикалық практика	8	15

**Модуль 10.1 Мектепке дейінгі білім берудің инновациялық бағыттары, 13 кредит (тәрбиеші-психолог)**

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** 21-ғасыр педагогының кәсіби дамуы

**Бағдарлама авторы:** Қайыржанқызы Ә.Қ.

**Курсты оқытудың мақсаты:** 21-ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуына қажетті білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдерді, сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын, білім беру үшін бағалау мен оқуды бағалаудың өзіндік ерекшеліктерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пән мазмұнында оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізудің қажеттігі туралы мәселелер. Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі, оқудағы кедергілер. Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу дағдылары.

**Пререквизиттер:** Қазіргі мектепке дейінгі педагогика, Бағалаудың өлшемдік технологиясы, Мектепке дейінгі білім берудегі IT және цифрлық ресурстар (ағылшын тілінде)

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды, талантты және дарынды балалармен жұмыс жасауды біледі.

В) Мектепке дейінгі білім беру педагогының кәсіби қызметінде заманауи технологияларды: денсаулық сақтау технологиялары, мектепке дейінгі білім берудегі IT және цифрлық ресурстар, мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологияларды қолдану білімдері мен дағдыларын меңгереді.

С) Мектепке дейінгі білім берудегі психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу үшін бастапқы және қайталама деректер; пәндік және әдістемелік білім саласындағы құзыреттілігін түсіндіреді.

Д) Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлау, білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау, білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады.

Е) Білім алу және білім беру процесінде кез-келген мәселені сыни тұрғыда қорытынды жасайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Измагамбетова Р.М.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пән мазмұнында мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. МДҰ-ғы тәрбие жұмысы. Балабақшадағы тәрбие жұмысын ұйымдастырушылар қызметі. Тәрбие заңдылықтары, принциптері, әдістері, құралдары, формалары, тәрбие түрлері.

**Пререквизиттер:** Педагогикалық психология, Қазіргі мектепке дейінгі педагогика, Жас ерекшелік психологиясы

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Тәрбие заңдылықтары, принциптері, әдістері, құралдары, формалары, тәрбие түрлері туралы түсініктерін біледі.

В) Мектепке дейінгі ұйымдардың заманауи дидактикасын, мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті ретіндегі ойынның психологиялық-педагогикалық негіздерін; жас кезеңіне сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық даму ерекшеліктерін меңгереді.

С) Балабақшадағы тәрбие жұмысын ұйымдастырушылар қызметін түсінеді.

Д) Мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттілік даму және әлеуметтену индикаторлары туралы талқылайды.

Е) МДҰ-ғы тәрбие жұмысы туралы қорытынды жасайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы** Мектепке дейінгі ұйымдардағы тьютор (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Исембаева Н.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде тьютор жұмысының ерекшеліктерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Мектепке дейінгі ұйымдардағы тьютор пәні мазмұнында мектепке дейінгі білім беру жүйесі. Тьютор жұмысы. Тьюторлық қызмет-кәсіби қызметінің жаңа қыры. Мектепке дейінгі ұйымдарда тьютордың кәсіби құзіреттілігі.

**Пререквизиттер:** Мектепке дейінгі білім берудегі ІТ және цифрлық ресурстар (ағылшын тілінде), Мектепке дейінгі білім беру менеджменті (орыс тілінде)

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың заңдылығы мен ғылыми-теориялық негіздерін біледі.

В) Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруда құзыретті шешімдер қабылдауда іргелі білімдер мен дағдыларды қолданады, академиялық адалдық мәдениеті мәнін түсінеді.

С) Мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік - құқықтық, оқу-нұсқаулық, ағымдық оқу-ұйымдастыру құжаттамаларын әзірлеу мәселелерін (дидактикалық, бақылау-өлшеу материалдары және т. б.) түсіндіреді және талқылайды.

Д) Қазақстан Республикасының заңдары мен құқықтық жүйесі, құқық қорғау ұйымдарының негіздері, кәсіптің құқықтық және моральдық-этикалық сипаттамасын негіздейді.

Е) Мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға ата-аналарды тартудың әдістері мен инновациялық нысандары, педагогикалық үдерістегі үш жақты (бала-ата-ана, тәрбиеші) қатынастардың орны мен маңыздылығы туралы қорытынды жасайды.

**Модуль 10.2 Арнайы мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік жұмыстар, 13 кредит (тәрбиеші-логопед)**

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** МДҰ логопедиялық жұмыстарды ұйымдастыру формалары

**Бағдарлама авторы:** Жубатырова Б.Т.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Логопедия ғылымының теориялық және әдіснамалық негіздерін ашу. Сөйлеу бұзылыстарының жіктелуін, оларды түзету, алдын алу және логопедиялық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі шараларды білу.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** МДҰ логопедиялық жұмысты ұйымдастыру формалары пәнін оқытуда сөйлеу ерекше білім беруді қажет ететін балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру формалары. Көру қабілеті зақымдалған балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру. Церебральды сал ауруы (БЦСА) бар балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру формалары.

**Пререквизиттер:** Бағалаудың өлшемдік технологиясы, Инклюзивті білім беру (орыс тілінде), Балалар психологиясының қауіпсіздігі (ағылшын тілінде).

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру формалары туралы мәліметтерді біледі.

В) Мектепке дейінгі педагогикалық үрдісте сандық және инклюзивтік орта, өлшемдік бағалау мүмкіндіктерін болжайды.

С) Сөйлеудің бұзылуын анықтау үшін қажетті құжаттарды қолданады.

Д) Логопедтік түзетудің тиімді әдістерін талқылайды.

Е) Көру қабілеті зақымдалған балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастырудың формалары туралы қорытынды жасайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Арнайы мектепке дейінгі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Измагамбетова Р.М.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Арнайы МДҰ-да тәрбие жұмысы туралы түсінік қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Арнайы мектепке дейінгі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін оқыту барысында арнайы МДҰ-ғы тәрбие жұмысы туралы түсінік. Тәрбие жұмысын ұйымдастырушылар қызметі. Тәрбие заңдылықтары, принциптері, әдістері, құралдары, формалары. Тәрбие түрлері. Тәрбие тұжырымдамасы.

**Пререквизиттер:** Бағалаудың өлшемдік технологиясы, Инклюзивті білім беру (орыс тілінде), Балалар психологиясының қауіпсіздігі (ағылшын тілінде).

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) МДҰ-ғы тәрбие жұмысы туралы түсінігін жүзеге асырады.

В) Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруда құзыретті шешімдер қабылдауда іргелі білімдер мен дағдыларды қолданады, арнайы мектепке дейінгі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі мәнін түсінеді.

С) Әдістер, құралдар, тәрбие формалары, тәрбие түрлері туралы ұғымдарды меңгереді.

Д) Тәрбие тұжырымдамасын талқылайды.

Е) Тәрбие жұмысын ұйымдастырушылар қызметіне қорытынды жасайды.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Арнайы білім ұйымдарындағы тьютор (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Исембаева Н.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Арнайы білім ұйымдарындағы менеджменттің мақсат міндеттерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнін оқытуда менеджмент туралы түсінік. Менеджменттің дамуындағы ұлттық-тарихи факторлар. Білім берудегі менеджменттің мақсат міндеттері, әдістері. Арнайы білім берудегі басқарудың қажеттілігі. Басқару жүйесі менеджерінің қызметі.

**Пререквизиттер:** Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру және басқару (ағылшын тілінде), Арнайы мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар (ағылшын тілінде)

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика,, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер**

А) Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруда құзыретті шешімдер қабылдауда іргелі білімдер мен дағдыларды қолданады.

В) Мектепке дейінгі педагогикалық үрдісте сандық және өлшемдік бағалау мүмкіндіктерін болжайды.

С) Мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға ата-аналарды тартудың әдістері мен инновациялық нысандары, педагогикалық үдерістегі үш жақты (бала-ата-ана, тәрбиеші) қатынастардың орны мен маңыздылығы туралы қорытынды жасайды.

Д) Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы мен әлеуметтік қалыптасу заңдылықтарын түсінеді.

Е) Білім берудегі менеджменттің мақсат міндеттеріне талдау жасайды.

**Модуль 11.1 Мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұны, 35 кредит (тәрбиеші-психолог)**

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы** Сауат ашу әдістемесінің жаңартылған мазмұны

**Бағдарлама авторы** Аманжол М.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерді мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұнымен таныстырып, сауат ашу әдістемесінің теориялық негіздері туралы білімдерін жетілдіру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқыту барысында сауат ашудың ғылыми негіздері. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы сауат ашуда жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының түрлері. Сауат ашу арқылы баланың тілі мен ойын дамыту жолдары. Сауат ашуда пайдаланылатын көрнекті құралдар. Сауат ашу жұмысының ерекшеліктері.

**Пререквизиттер:** Қазіргі мектепке дейінгі педагогика, Логикалық ойлауды дамыту технологиялары ағылшын тілінде, Бағалаудың өлшемдік технологиясы

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Сауат ашудың ғылыми негіздері туралы түсінік қалыптасады.

В) Мектепке дейінгі білім беруде психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу үшін бастапқы, кейінгі мәліметтерді жинақтау және пайдалану, пәндік және әдістемелік саладан хабардар болады.

С) Мектепке дейінгі білім беру саласында ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу үшін қазақ (орыс), шет тілдерінде ауызша және жазбаша тілде ойды дәйекті және сауатты тұжырымдауды және білдіруді жүзеге асырады.

Д) Сауат ашу бағдарламасын, оқулық мазмұнын талдай алады.

Е) Мектеп жасына дейінгі балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту жұмыстарын практикада қолдана алады.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Логопедия негіздері (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Есенғұлова М.Н.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Сөйлеу бұзылыстары бар балалардың психофизикалық даму ерекшеліктерімен, сөйлеу бұзылыстарының құрылымы мен сипатымен таныстыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқыту барысында тіл кемшіліктері мәселелері. Сөйлеудің анатомиялық-физиологиялық механизмдері. Тіл кемшіліктерінің клиникалық-педагогикалық жіктелімі. Тіл кемшіліктерінің алдын алу. Логопедиялық жұмыстың негізгі бағыттары.

**Пререквизиттер:** Дефектология негіздері, Жас ерекшелік физиологиясы және мектепке дейінгі гигиена.

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Сөйлеу бұзылыстары бар балалардың дамуының психофизикалық ерекшеліктерін біледі.

В) Сөйлеу бұзылыстарын диагностикалаудың түзету әдістерін меңгереді.

С) Мектепке дейінгі білім берудегі психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу үшін бастапқы және қайталама деректер; пәндік және әдістемелік білім саласындағы құзыреттілігін көрсетеді.

Д) Сөйлеу қабілеті бұзылған білім алушылардың жеке даму ерекшелігін логопедиялық жұмысты ұйымдастырудың жеке нысандары бойынша қорытынды жасайды.

Е) Логопедиялық жұмысты ұйымдастырудың жеке нысандарын талқылайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Мектепалды даярлық және майнд-фитнес негіздері (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Исембаева Н.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Жүйелі жаттығулар негізінде майнд фитнес технологиясын игеру, оның нәтижесі көптеген ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; сөйлеуді дамытумен сәтті қарым-қатынас жасау, нақты мақсаттар қою және оларға қол жеткізу.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Есте сақтау, сөйлеу, ойлау, зейін, визуалды-кеңістіктік дағдылар, жылдам оқу және жазу әдістерімен танысу. Миды жаттықтыру әдістері. Балалардың жан-жақты дамуы. Танымдық қызығушылықтары.

**Пререквизиттер:** Денсаулықты сақтау технологиялары (орыс тілінде), Логикалық ойлауды дамыту технологиялары (ағылшын тілінде), Мектепке дейінгі білім берудегі Монтессори технологиясы орыс тілінде

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Майнд-фитнестің негізгі ғылыми ұғымдар саласында хабардарлықты білдіреді .

В) Есте сақтау түрлерінің, ойлау түрлерінің, зейіннің, эмоционалды интеллекттің мәнін түсінеді.

С) Мектепке дейінгі білім берудегі психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу үшін сыни ойлау дағдыларын, зейіннің озық тәжірибесін қолданады.

Д) Миды жаттықтыру әдістерін топтастырады, жылдам оқу әдістерін ұйымдастырады.

Е) Мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық процесінде майнд-фитнес технологиясын қолдану мүмкіндіктерін болжайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Мектеп жасына дейінгі балалардың драмалық әрекетін ұйымдастыру (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Сары Б.Б.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балалардың драмалық іс-әрекетінің мазмұнымен таныстырып, теориялық негіздері туралы білімдерін жетілдіру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Театрландырылған әрекетке қатысты мәселелер қамтылған. «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы. «Драма» оқу қызметі әдістері, құралдары. Драмалық әрекеттерді ұйымдастыру баланың қызығушылығы мен қабілеттерін дамыту. Жаңа ақпараттарды және әрекеттердің жаңа әдістерін игеру.

Ассоциативті ойлану. Рөлдерді орындау кезіндегі эмоцияның, ақыл-парасатының көрінуі. Мақсатқа жету. Табандылығының дамуына ықпал етеді.

**Пререквизиттер:** МЖД балалар бейнелеу әрекетінің теориясы мен әдістемесі (ағылшын тілінде), Бейнелеу әрекеті және АРТ терапия (ағылшын тілінде).

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Жаңа ақпараттарды және әдістерді жіктей біледі.

В) Драмалық әрекеттерді ұйымдастыру баланың қызығушылығы мен қабілеттерін дамытатын технологияларды қолданады.

С) Мектепке дейінгі білім берудегі драмалық қызметті ескере отырып, балаларды мектепке дайындауды жүзеге асырады.

Д) «Драма» оқу қызметі әдістері, құралдарын және оданда басқа да қпараттарды бағалайды.

Е) Театрландырылған әрекетке қатысты мәселелерді тұжырымдайды.

## **Модуль 11.2 Мектепке дейінгі білім ұйымдарындағы арнайы жұмыстар мазмұны, 35 кредит (тәрбиеші-логопед)**

**Дублин дескрипторлары (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Есту, көру, сөйлеу мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы және патологиясы (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Каримова Г.М.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерге есту, көру, сөйлеу мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы және патологиясының теориясы, ерекшеліктері туралы білімдерді меңгерту.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқыту барысында есту, көру, сөйлеу мүшелерінің құрылысы, қызметі, патологиясы қарастырылады. Аталған мүшелердің қызметін зерттеудің негізгі әдістері. Есту, көру, сөйлеу мүшелері қызметін реабилитациялау мен профилактикалаудың заманауи құралдары және әдістері.

**Пререквизиттер:** Денсаулықты сақтау технологиялары (орыс тілінде), Логикалық ойлауды дамыту технологиялары (ағылшын тілінде), Мектепке дейінгі білім берудегі Монтессори технологиясы (орыс тілінде).

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Мектепке дейінгі білім беруде психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу үшін бастапқы, кейінгі мәліметтерді жинайды және пайдаланады.

В) Есту, көру, сөйлеу мүшелерінің құрылысы, қызметі, патологиясын талдайды.

С) Есту, көру, сөйлеу мүшелері қызметіне және басқа да ақпараттарға өз бетінше белгілі бір мазмұнын беріп тұжырымдайды.

Д) Есту, көру, сөйлеу мүшелері қызметін реабилитациялау мен профилактикалаудың заманауи құралдарын және оданда басқа да ақпараттарды бағалайды.

Е) Есту, көру, сөйлеу мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы және патологиясының заңдылықтарын жіктей біледі.

**Дублин дескрипторлары А) В) С) Д) Е)**

**Пәннің атауы:** ЖСТЖ кезіндегі түзету жұмысының әдістемесі (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Кеншілікова К.М.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Жалпы сөйлеу бұзылыстарының жіктелуі және жұмыс бағыттарымен таныстыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** ЖСТЖ кезіндегі түзету жұмысының әдістемесі мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы сөйлеу тілінің дамымауы мәселелері. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру әдіс-тәсілдері. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту жолдары. ЖСТЖ балалармен жүргізілетін логопедтің жұмыстары.

**Пререквизиттер:** МЖД Балаларды ағылшын тіліне үйрету әдістемесі (ағылшын тілінде), Психоллингвистика (ағылшын тілінде), Логопсихология (ағылшын тілінде)

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- A) ЖСТЖ кезіндегі түзету жұмысының әдістемесі мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы сөйлеу тілінің дамымауы мәселелерін талдайды.
- B) Мектепке дейінгі білім беру саласында денсаулық сақтау технологиясын, дүниетанудағы экожүйені және логикалық ойлау заңдылықтарының дамуын жіктейді.
- C) Мектепке дейінгі педагогикалық үрдісте сандық және инклюзивтік орта, өлшемдік бағалау мүмкіндіктерін болжайды.
- D) ЖСТЖ балалармен жүргізілетін логопедтің жұмыстарын бағалайды.
- E) Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту жолдарын қолданады.

**Дублин дескрипторлары** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке оқуға дайындаудың психологиялық диагностикасы (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Аманжол М.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Балаларды мектепте оқуға мектепалды даярлықтың теориялық, әдістемелік негіздерімен таныстыру, оқу-тәрбие жұмысын орындау қабілетін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке оқуға дайындаудың психологиялық диагностикасы пәнінде мектепалды жасындағы бала дамуының психологиялық диагностикасының ғылыми-әдістемелік негіздері. Диагностика жүргізудегі педагогтың дайындығы. Балаларды мектепке дайындауда педагогтар мен ата-аналардың жұмысының түрлі формалары.

**Пререквизиттер:** Логикалық ойлауды дамыту технологиялары ағылшын тілінде, Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық дамуы, Жас ерекшелік психологиясы (ағылшын тілінде)

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- A) Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруда құзыретті шешімдер қабылдауда іргелі білімдер мен дағдыларды қолданады, академиялық адалдық мәдениеті мәнін түсінеді.
- B) Мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік - құқықтық, оқу-нұсқаулық, ағымдық оқу-ұйымдастыру құжаттамаларын әзірлеу мәселелерін (дидактикалық, бақылау-өлшеу материалдары және т. б.) түсіндіреді және талқылайды.
- C) Балаларды мектепке дайындауда педагогтар мен ата-аналардың жұмысының түрлі формаларын қолданады.
- D) Диагностика жүргізудегі педагогтың дайындығы туралы қорытынды жасайды.
- E) Мектеп жасындағы балалардың дамуының психологиялық диагностикасы ғылыми-әдістемелік негіздері туралы біледі.

**Дублин дескрипторлары** A) B) C) D)

**Пәннің атауы:** Сөйлеудің ырғақтық-ритмдік бұзылуын коррекциялау әдістемесі (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Исембаева Н.Е.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Сөйлеудің ырғақтық-ритмдік бұзылуын коррекциялау әдістемесін оқытуда сөйлеудің ырғақты-ритмдік бұзылымының патогенезі, этиологиясы туралы түсінігін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Сөйлеудің ырғақтық-ритмдік бұзылуын коррекциялау әдістемесін оқытуда сөйлеудің ырғақты-ритмдік бұзылымының патогенезі, этиологиясы туралы қарастырылады. Тұтығу, тіл кемшілігінің невроздық және невротикалық типіндегі клиникалық және психологиялық педагогикалық сипаттамаларына түсінік беріледі. Тұтығу тіл кемшілігін реабилитациялау туралы көзқарастар, қалыпты сөйлеуін логопедиялық технологиялар арқылы қалыптастыру жолдары көрсетілген.

**Пререквизиттер:** Дефектология негіздері, МЖД балалардың тілін дамыту әдістемесі, Жас ерекшелік психологиясы (ағылшын тілінде)

**Постреквизиттер:** Өндірістік педагогикалық практика, ЖОО кейінгі оқытылатын пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- A) Тұтығу, тіл кемшілігінің невроздық және невротикалық типіндегі клиникалық және психологиялық педагогикалық сипаттамаларын жіктей біледі.
- B) Мектепке дейінгі педагогикалық үрдісте сандық және инклюзивтік орта, өлшемдік бағалау мүмкіндіктерін болжайды.



С) Тұтыңу тіл кемшілігін реабилитациялау туралы көзқарастарын талдайды.

Д) Қалыпты сөйлеуін логопедиялық технологиялар арқылы қалыптастыру жолдарын тұжырымдайды.

Е) Сөйлеудің ырғақтық-ритмдік бұзылуын коррекциялау әдістемесін оқытудың кәсіби дамуын бағалайды.

**Мамандық атауы және шифры: 6В01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу**

**Оқу мерзімі: 4 жыл**

**Қабылдау жылы: 2021**

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
<b>Модуль 7.1 Мектепке дейінгі білім берудің психологиялық теориясы мен әдістемесі, 21 кредит (тәрбиеші-психолог)</b>				
БП ТК	ВРК 3213	Балалар психологиясының қауіпсіздігі (ағылшын тілінде)	5	5
КП ЖК	AZh 3301	Академиялық жазу	5	5
БП ТК	ВААТ 3214	Бейнелеу әрекеті және АРТ терапия (ДОЭ)	5	5
КП ТК	MDBBMT 3302	Мектепке дейінгі білім берудегі Монтессори технологиясы (орыс тілінде)	5	3
БП ТК	MDMFN 3215	Мектепалды даярлық және майнд-фитнес негіздері (орыс тілінде)	5	3
<b>Модуль 7.2 Мектепке дейінгі білім берудің психологиялық-педагогикалық теориясы мен әдістемесі, 21 кредит (тәрбиеші-логопед)</b>				
БП ТК	ZhEPsi 3213	Жас ерекшелік психологиясы (ағылшын тілінде)	5	5
КП ЖК	AZh 3301	Академиялық жазу	5	5
БП ТК	MZhDBBA TA 3214	МЖД балалар бейнелеу әрекетінің теориясы мен әдістемесі (ДОЭ)	5	5
КП ТК	AMDDBM T 3302	Арнайы мектепке дейінгі білім берудегі Монтессори технологиясы (орыс тілінде)	5	3
БП ТК	MZhDBM ODPD 3215	Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке оқуға дайындаудың психологиялық диагностикасы (орыс тілінде)	5	3
<b>Модуль 8.1 Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялар және кәсіби тілдік дамыту, 27 кредит (тәрбиеші-психолог)</b>				
БП ЖК	ВОТ 3216	Бағалаудың өлшемдік технологиясы	5	4
КП ЖК	ShT(C1) 3303	Шетел тілі (C1 деңгей)	5	5
КП ЖК	IBB 3304	Инклюзивті білім беру (орыс тілінде)	6	4
БП ЖК	MDBBITC R 3217	Мектепке дейінгі білім берудегі IT және цифрлық ресурстар	6	5
БП ТК	MDBBM 3218	Мектепке дейінгі білім беру менеджменті (орыс тілінде)	6	4
КП		Педагогикалық практика	6	4
КП		Тілдік практика	6	1
<b>Модуль 8.2 Мектепке дейінгі арнайы білім берудегі технологиялар және кәсіби тілдік дамыту, 27 кредит (тәрбиеші-логопед)</b>				
БП ЖК	ВОТ 3216	Бағалаудың өлшемдік технологиясы	5	4
КП ЖК	ShT(C1) 3303	Шетел тілі (C1 деңгей)	5	5
КП ЖК	IBB 3304	Инклюзивті білім беру (орыс тілінде)	6	4
БП ЖК	MDBBITC R 3217	Мектепке дейінгі білім берудегі IT және цифрлық ресурстар	6	5
БП ТК	MDBBUB	Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру	6	4

	3218	және басқару (орыс тілінде)		
КП		Педагогикалық практика	6	4
КП		Тілдік практика	6	1
<b>Модуль 9.1 Мектепке дейінгі білім беру дидактикасы мен тілдік дамыту әдістемесі, 12 кредит (тәрбиеші-психолог)</b>				
КП ТК	MDBBIT 3305	Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	6	4
КП ТК	PShRDBB N 3306	Педагогикалық шеберлік және R&D балаларды басқару негіздері (Research & Development) (орыс тілінде)	6	4
БП ТК	MZhDBAT UA 3219	МЖД Балаларды ағылшын тіліне үйрету әдістемесі (ағылшын тілінде)	6	4
<b>Модуль 9.2 Мектепке дейінгі арнайы білім беру және тілдік дамыту әдістемесі, 12 кредит (тәрбиеші-логопед)</b>				
КП ТК	Psl 3305	Психолінгвистика (ағылшын тілінде)	6	4
КП ТК	MShBTOA 3306	Мүмкіндігі шектеулі балаларды тілге оқыту әдістемесі (орыс тілінде)	6	4
БП ТК	Lps 3219	Логопсихология (ағылшын тілінде)	6	4

**Модуль 7.1 Мектепке дейінгі білім берудің психологиялық теориясы мен әдістемесі (тәрбиеші-психолог 21 кредит)**

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Балалар психологиясының қауіпсіздігі (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Рыстыгулова А.Т.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Әлеуметтік-жүйелі құбылыс ретіндегі психологиялық қауіпсіздік, денсаулық негіздері түсініктерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Балалардың қауіпсіздік психологиясы пәнін оқытуда әлеуметтік-жүйелі құбылыс. Психологиялық қауіпсіздік. Денсаулық негіздері. Бала іс-әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қауіпті жағдайдағы тұлғаның іс-әрекеті, психикалық зақым, психикалық күйлер. Балалар арасында стресстің пайда болу себептері, онымен күрес жолдары. Психикалық шаршау. Психологиялық кабинет жұмысы.

**Пререквизиттер:** Денсаулықты сақтау технологиялары (орыс тілінде), Балалар психологиясы

**Постреквизиттер:** 21 ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы (ЭДО), Мектепке дейінгі ұйымдардағы тьютор (ағылшын тілінде)

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруда құзыретті шешімдер қабылдауда іргелі білімдер мен дағдыларды қолданады, академиялық адалдық мәдениеті мәнін түсінеді.

В) Мектепке дейінгі білім беруде психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу үшін бастапқы, кейінгі мәліметтерді жинақтайды.

С) Бала іс-әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету түсінігі туралы біледі.

Д) Балалар арасында стресстің пайда болу себептерін талдайды.

Е) Психологиялық кабинет жұмыстарын дамытуда инновациялық технологияларды қолданады.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Академиялық жазу

**Бағдарлама авторы:** Таганова А.М.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Таным техникасы мен оның жекелеген тәсілдеріне негізделген жалпы ережелер мен әдістерді, кәсіби оқылымды, академиялық жазу мен ауызша таныстыру дағдыларын меңгерту.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқу барысында студенттер академиялық хат жазу іскерлігін жетілдіруді қарастырады және практикалық мысалдар мен жаттығуларды қолдана отырып, тиімді академиялық хатқа үйретеді. Академиялық хатты шетелдік ғылыми басылымдарда жариялау, халықаралық ғылыми конференцияларға қатысу, академиялық ұтқырлық бағдарламалары

шеңберінде шетелдік ЖОО-да магистратурада немесе докторантурада оқу үшін ЖОО-ның ғылыми-педагогикалық қызметкерлері мен білім алушыларына пайдалану талап етіледі.

**Пререквизиттер:** Педагогика, Тілдік құзыреттілік

**Постреквизиттер:** Психолінгвистика (ағылшын тілінде), 21-ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

A) Академиялық оқылым мен жазылым дағдыларын талдайды.

B) Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі шығармашылық және тілдік құзыреттілікті дамытуда инновациялық технологияларды, академиялық жазу дағдыларын біледі және қолданады.

C) Ғылыми-кәсіби пікірталастарға түсу дағдыларын және кәсіби бағдарланған жобаларды тұжырымдайды.

D) Өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын талдайды.

E) Практикалық мысалдар мен жаттығулар туралы қорытынды жасайды.

**Дублин дескрипторлары** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** Бейнелеу әрекеті және АРТ терапия

**Бағдарлама авторы:** Аманжол М.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерге мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу іс-әрекетінің теориялық, практикалық негіздерін меңгерту.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бейнелеу әрекеті және АРТ терапия пәнінде бейнелеу өнері. АРТ терапия туралы түсінік. Мектепке дейінгі эстетикалық тәрбие беру мәселелері. Бейнелеу әрекеті және АРТ терапия әдістемесі. Балалардың бейнелеу іс-әрекетін АРТ терапияны ұйымдастыру жолдары. Балалар эмоциясын бейнелеу өнер. Арттерапия арқылы реттеу.

**Пререквизиттер:** Қазіргі мектепке дейінгі педагогика, Педагогика

**Постреквизиттер:** Сауат ашу әдістемесінің жаңартылған мазмұны, 21 ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

A) Мектепке дейінгі білім берудегі Бейнелеу әрекеті және АРТ терапия негіздерін тұжырымдайды.

B) Бейнелеу қызметін және АРТ-терапияны, драмалық қызметті ескере отырып, балаларды мектепке дайындауды жүзеге асырады.

C) Мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу қызметін жоспарлауға, мектепке дейінгі жастағы балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бейнелеу қызметін ұйымдастыруды талдайды.

D) Мектепке дейінгі ұйымдардың бейнелеу қызметінде инновацияларды қолданады.

E) МЖД балалармен бейнелеу қызметінің барлық түрлерін көрсете біледі. (сурет салу, кірістіру, құрастыру, модельдеу).

**Дублин дескрипторлары** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** Мектепке дейінгі білім берудегі Монтессори технологиясы (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Исембаева Н.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерге Монтессори технологиясының элементтері мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық білімін кеңейту, Монтессори әдістемесінің маңызды ерекшелігін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Мектепке дейінгі білім берудегі Монтессори жүйесінің мәселелерін, принциптерін, ерекшеліктері. Монтессори педагогикасындағы "еркін тәрбие" мәселелері. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу процесінде технологияны қолдану әдістері мен тәсілдері.

**Пререквизиттер:** МЖД балаларға қарапайым математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі, Денсаулық сақтау технологиялары (қазақ тілінде)

**Постреквизиттер:** 21 ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы, Мектепке дейінгі мекемелерде логопедиялық жұмысты ұйымдастыру формалары

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

A) Мектепке дейінгі білім беру педагогының кәсіби қызметінде заманауи технологияларды: денсаулық сақтау технологиялары, мектепке дейінгі білім берудегі ІТ және цифрлық ресурстар, мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологияларды қолдану білімдері мен дағдыларын меңгереді.

B) Мектепке дейінгі білім берудегі Монтессори жүйесінің мәселелерін талдайды.

C) Монтессори жүйесінің принциптерін, ерекшеліктерін біледі.

D) Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу процесінде технологияны қолдану әдістері мен тәсілдерін қолданады.

E) Монтессори педагогикасындағы "еркін тәрбие" мәселелерін сараптайды.

**Дублин дескрипторлары** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** Мектепалды даярлық және майнд-фитнес негіздері (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Исембаева Н.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Жүйелі жаттығулар негізінде майнд фитнес технологиясын игеру, оның нәтижесі көптеген ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; сөйлеуді дамытумен сәтті қарым-қатынас жасау, нақты мақсаттар қою және оларға қол жеткізу.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Есте сақтау, сөйлеу, ойлау, зейін, визуалды-кеңістіктік дағдылар, жылдам оқу және жазу әдістерімен танысу. Миды жаттықтыру әдістері. Балалардың жан-жақты дамуы. Танымдық қызығушылықтары.

**Пререквизиттер:** МЖД балаларға қарапайым математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі, Денсаулық сақтау технологиялары (қазақ тілінде)

**Постреквизиттер:** 21 ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы, мектепке дейінгі мекемелерде логопедиялық жұмысты ұйымдастыру формалары

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

A) Майнд-фитнестің негізгі ғылыми ұғымдар саласында хабардарлықты білдіреді .

B) Есте сақтау түрлерінің, ойлау түрлерінің, зейіннің, эмоционалды интеллекттің мәнін түсінеді.

C) Мектепке дейінгі білім берудегі психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу үшін сыни ойлау дағдыларын, зейіннің озық тәжірибесін қолданады.

D) Миды жаттықтыру әдістерін топтастырады, жылдам оқу әдістерін ұйымдастырады.

E) Мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық процесінде майнд-фитнес технологиясын қолдану мүмкіндіктерін болжайды.

**Модуль 7.2 Мектепке дейінгі білім берудің психологиялық-педагогикалық теориясы мен әдістемесі, 21 кредит (тәрбиеші-логопед)**

**Дублин дескрипторлары** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** Жас ерекшелік психологиясы (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Есенғұлова М.Н.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Балаларды зерттеудің психологиялық заңдылықтары мен әдістері түсініктерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Жас ерекшелігі психологиясының пайда болуының алғы шарттары. Басқа ғылым салаларымен байланысы. Мектеп жасындағы және мектепке дейінгі ерте жастағы баланың психикалық ерекшеліктері бағытындағы түсініктері. Балаларды зерттеудің психологиялық заңдылықтары мен әдістері.

**Пререквизиттер:** Балалар психологиясы, Педагогика

**Постреквизиттер:** 21-ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы, Сауат ашу әдістемесінің жаңартылған мазмұны

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

A) Мектепке дейінгі білім беруде психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу үшін бастапқы, кейінгі мәліметтерді жинайды және пайдаланады.

B) Мектеп жасындағы және мектепке дейінгі ерте жастағы баланың психикалық ерекшеліктерін түсіндіреді.

C) Балаларды зерттеудің психологиялық заңдылықтары мен әдістерін қолданады.

D) Жас ерекшелігі психологиясының пайда болуының алғы шарттарын сараптайды.

E) Жас ерекшелігі психологиясының ғылымының қалыптасуы туралы ақпараттарды біледі.

**Дублин дескрипторлары** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** МЖД балалар бейнелеу әрекетінің теориясы мен әдістемесі

**Бағдарлама авторы:** Рыстығұлова А.Т.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттердің мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу әрекетінің теориясы мен әдістемесі аумағындағы білімдерін кеңейту.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу әрекетінің теориясы мен әдістемесі пәні бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие беру мәселелерін қарастырады. Балабақшадағы сурет салу аппликация, мүсіндеуге үйретудің теориясы мен әдістемесі туралы түсінік береді. Мектепке дейінгі оқу қызметін ұйымдастырудағы технологиялар, әдістер-тәсілдер, құрал-жабдықтамен таныстырады.

**Пререквизиттер:** Қазіргі мектепке дейінгі педагогика. Педагогика

**Постреквизиттер:** 21-ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы, МДҰ логопедиялық жұмыстарды ұйымдастыру формалары

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі шығармашылық және тілдік құзыреттілікті дамытуда инновациялық технологияларды, академиялық жазу дағдыларын біледі.

В) Мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін сипаттайды.

С) Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігін ескеріп, бейнелеу әрекетін ұйымдастыру барысын түсіндіреді.

Д) МЖД балалардың бейнелеу әрекетін жоспарларын талдайды.

Е) Мектепке дейінгі ұйымдардың бейнелеу іс әрекетінде инновациялық технологияларды қолданылады.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Арнайы мектепке дейінгі білім берудегі Монтессори технологиясы (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Исембаева Н.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** М.Монтессори технологиясын пайдалану тәсілдерін үйрету.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** М.Монтессори технологиясын пайдалану тәсілдері, ерекшеліктері туралы білімдер жүйесі. М.Монтессори жүйесінің философиясы. М.Монтессоридің дидактикалық материалдары. М.Монтессори топтарында жұмыс жасау ерекшеліктері.

**Пререквизиттер:** Денсаулықты сақтау технологиялары (орыс тілінде)

**Постреквизиттер:** 21-ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы, Сауат ашу әдістемесінің жаңартылған мазмұны

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) М.Монтессори топтарында жұмыс жасау ерекшеліктерін біледі.

В) М.Монтессори технологиясының тәсілдерін қолданылады.

С) М.Монтессоридің дидактикалық материалдарын талдайды.

Д) М.Монтессори жүйесінің философиясын түсіндіреді.

Е) Мектепке дейінгі білім беру саласында денсаулық сақтау технологиясын, дүниетанудағы экожүйені және логикалық ойлау заңдылықтарының дамуын жіктейді.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке оқуға дайындаудың психологиялық диагностикасы

**Бағдарлама авторы:** Исембаева Н.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Балаларды мектепте оқытуға мектепалды даярлықтың теориялық, әдістемелік негіздерімен таныстыру, мектепалды даярлықтың оқу-тәрбие жұмыстарын орындау іскерліктерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Мектепалды жасындағы бала дамуының психологиялық диагностикасының ғылыми-әдістемелік негіздері ашып көрсетілген. Диагностика жүргізу әдістемесі Диагностика жүргізу әдістемесі ұсынылған. Диагностика жүргізудегі педагогтың дайындығы туралы мәліметтер берілген. Балаларды мектепке дайындауда педагогтар мен ата-аналардың жұмысының түрлі формалары қарастырылған.

**Пререквизиттер:** Жас ерекшелік психологиясы, Балалар психологиясы, Қазіргі мектепке дейінгі педагогика

**Постреквизиттер:** магистратура деңгейінде оқытылатын пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруда құзыретті шешімдер қабылдауда іргелі білімдер мен дағдыларды қолданады, академиялық адалдық мәдениеті мәнін түсінеді.

- В) Мектепалды жасындағы бала дамуының психологиялық диагностикасының ғылыми-әдістемелік негіздерін біледі.
- С) Балаларды мектепке дайындауда педагогтар мен ата-аналардың жұмысының түрлі формаларын қолданылады.
- Д) Диагностика жүргізу әдістемесін сараптайды.
- Е) Мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік - құқықтық, оқу-нұсқаулық, ағымдық оқу-ұйымдастыру құжаттамаларын әзірлеу мәселелерін (дидактикалық, бақылау-өлшеу материалдары және т. б.) талқылайды.

**Модуль 8.1 Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялар және кәсіби тілдік дамыту, 24 кредит (тәрбиеші-психолог)**

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Бағалаудың өлшемдік технологиясы

**Бағдарлама авторы:** Оразова Ж.О.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім алушылардың оқу әрекетін бағалаудың жалпы тәсілдерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнін оқу барысында оқу жетістіктерін өлшемдік бағалаудың ғылыми-теориялық негіздері қарастырылады. Білім алушылардың оқу әрекетін бағалаудың жалпы тәсілдері, бағалау ұғымын анықтау, оның оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастырудағы ролі мәселесі оқытылады. Критериалды бағалау технологиясының моделі, білім алушылардың оқу жетістіктерін өлшемдік бағалаудың технологиялық негіздері бағытындағы ақпараттарды меңгереді.

**Пререквизиттер:** Педагогика, Қазіргі мектепке дейінгі педагогика

**Постреквизиттер:** 21-ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы, Сауат ашу әдістемесінің жаңартылған мазмұны

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- А) Мектепке дейінгі педагогикалық үрдісте сандық және инклюзивтік орта, өлшемдік бағалау мүмкіндіктерін болжайды.
- В) Критериалды бағалау технологиясының ғылыми негіздерін, критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық құрылымын, ерекшеліктерін біледі.
- С) Оқудың сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін және оқыту нәтижесін бағалаудың заманауи құралдарымен жұмыс істеу реттілігін талдайды.
- Д) Оқу нәтижелерін бағалаудың негізгі өлшемдерін сипаттайды.
- Е) Өз жетістіктерін бағалау, өзінің іс - әрекетін сыни тұрғыда бағалайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Шетел тілі (C1 деңгей)

**Бағдарлама авторы:** Накишева С.Т.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Шет тілдерін оқыту процесінде тілдік емес мамандықтар (C1) студенттерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Студенттер қоршаған орта, заманауи технологиялар туралы ұсынылған мәліметтерді меңгереді, спортпен шұғылдану, денсаулық пен сұлулық, өмір деңгейі және отбасы бюджеті туралы ұғымдарды меңгереді. Мораль, жарнама, әлеуметтік проблемалар және табиғи апаттар.

**Пререквизиттер:** Шетел тілі, Шетел тілі B1,

**Постреквизиттер:** МДҰ логопедиялық жұмыстарды ұйымдастыру формалары, Сауат ашу әдістемесінің жаңартылған мазмұны, Логопедия негіздері (ағылшын тілінде)

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- А. Мектепке дейінгі білім беру саласында қазақ (орыс) және шет тілдерінде ғылыми мәтіндермен жұмыс істеуде ой-пікірін жеткізу, сауатты және жүйелі тұжырымдауды жүзеге асырады.
- В. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі шығармашылық және тілдік құзыреттілікті дамытуда инновациялық технологияларды, академиялық жазу дағдыларын біледі және қолданады.
- С. Қоршаған орта, заманауи технологиялар туралы ұсынылған мәліметтерді меңгереді.
- Д. Жарнама, әлеуметтік проблемалар және табиғи апаттарды талдайды.
- Е. Денсаулық пен сұлулық, өмір деңгейі туралы біледі.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Инклюзивті білім беру (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Оразова Ж.О.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерде арнайы білім берудің даму жағдайлары мен тарихын және инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Инклюзивті білім беру пәнін оқытуда жалпы инклюзивті білім беру, негізгі міндеттері, ерекшелігі, халықаралық тәжірибесі, принциптері оқытылады. «Білім баршаға» бағдарламасы, Қазақстандағы инклюзивті білім беру мәселелері көрсетілген. Инклюзивті білім беру деңгейінің дамуы, мемлекеттік бағдарлама негізінде инклюзивті білім берудің мазмұны мен инновациялық жолдарын жүзеге асыру туралы қарастырылған.

**Пререквизиттер:** Қазіргі мектепке дейінгі педагогика, Педагогика

**Постреквизиттер:** 21-ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы, Мектепке дейінгі ұйымдардағы тьютор

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Мектепке дейінгі педагогикалық үрдісте сандық және инклюзивтік орта, өлшемдік бағалау мүмкіндіктерін болжайды.

В) Инклюзивті білім беру негізгі міндеттері, ерекшелігін біледі.

С) Қазақстандағы инклюзивті білім беру мәселелерін түсінеді.

Д) Инклюзивті білім беру деңгейінің дамуын талдайды.

Е) Инклюзивті білім берудің инновациялық жолдарын қолданылады.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы** Мектепке дейінгі білім берудегі IT және цифрлық ресурстар

**Бағдарлама авторы** Қайыржанқызы А.Қ.

**Курсты оқытудың мақсаты** Студенттердің болашақ кәсіби қызметіне ақпараттық қоғамдағы білім мен тәрбиенің мәні туралы білімдерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Мектепке дейінгі білім берудегі IT және цифрлық ресурстар (мультимедиялық оқыту бағдарламалар, электрондық оқулықтар, ТВ-технологиялар, Интернет-желілерінің мүмкіндіктері) туралы білімдерді меңгертеді. Оларды қолдану жолдары көрсетіледі. Тәрбиелеу-оқыту жұмыстарын ұйымдастыру, цифрлық технологияларды енгізуге қойылатын талаптар, енгізу кезеңдері туралы түсініктер беріледі.

**Пререквизиттер:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде),

Логикалық ойлауды дамыту технологиялары (ағылшын тілінде) Денсаулықты сақтау технологиялары (орыс тілінде)

**Постреквизиттер:** 21-ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы, Сауат ашу әдістемесінің жаңартылған мазмұны

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде түрлі ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану дағдылары мен біліктіліктерін көрсете біледі.

В) Мектепке дейінгі білім беруде IT және цифрлық ресурстарды қолданады.

С) Мектепке дейінгі білім берудегі IT және цифрлық ресурстарды қолдануда кәсіби іскерліктері мен дағдыларын талдайды.

Д) Мектепке дейінгі білім берудегі IT және цифрлық ресурстарға және басқа да ақпараттарға өзбетінше белгілі бір мазмұн беріп тұжырымдайды;

Е) Мектепке дейінгі білім берудегі IT және цифрлық ресурстарды қолдана отырып білім беруде кәсіби қызметті ұйымдастырудың мазмұнын, өзінің одан әрі кәсіби дамуын бағалайды.

**Дублин дескрипторлары** А) В) С) D) E)

